

*Куандык Зере Ертай кызы*

МАШХУР ЖУСУП МЕКТЕБИ

*Куандык Зере Ертайқызы*

МӘШХҮР ЖҮСІП МЕКТЕБИ

*Куандык Зере Ертай кызы*

ШКОЛА МАШХУРА ЖУСИПА

*Kuandyk Zere Ertaykyzy*

MASHKHUR ZHUSUP SCHOOL

УДК: 82.02

Макалада казак элине бай руханий мурастарды калтырган акын, тарыхчы, санжырачы, фольклорист Маишхур Жусуп Көпей уулунун мектеби жөнүндө сөз болот. Учурунда советтик бийликтин тушунда Маишхур Жусуп Көпей уулунун негизсиз «динге берилген», «улутчул» деген айыптоолор тагылып, анын чыгармаларын үйрөнүүгө жана иликтөөгө тыюу салынган. Көз карандысыздыкка ээ болгондон кийин гана акындын мурасы эл менен кайра байланыштырган. Макалада Маишхур Жусуп Көпей уулунун бай мурасын, кол жазмаларын ушул күнгө чейин жетишине, сакталышына көп үлүшүн кошкон устаз, Маишхур Жусуп Көпей уулунун кенже уулу Фазыл Жусуп уулу менен акындын жээни Жолмурат Жусуп уулунун аткарган эбегейсиз эмгеги тууралуу айтылат. Орто кылымдардагы араб жана фарс тилдерин мыкты өздөштүрүүнүн натыйжасында Маишхур Жусуп Көпеевич өзүнүн жеке идеяларын өркүндөтүп, казак адабиятында уникалдуу канал түздү. Орто кылымдагы араб жана фарс тилдерин мыкты өздөштүрүүнүн натыйжасында, Көпей уулунун өзүнүн идеяларын өркүндөтүп, казак адабиятында уникалдуу каналды түзгөн. Маишхур Жусуп Көпеевичтин көзү тирүү кезинде акындын өзүнүн мектеби калыптана баштаган. Бул мектептин көрүнүктүү өкүлдөрүнүн «Маишхуртану» илимине кошкон салымын көрсөтүү.

**Негизги сөздөр:** мурас, кол жазма, Маишхур Жусуп, акын, бай, мектеп, чечендик илимдер академиясы, Хадим жазуусу, ырлар, жыйнак.

Макалада казак руханиятына мол мұра қалдырған ақын, ғұлама, тарихшы, сынышы, шежіреші, фольклорист Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мектебі туралы сөз болады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы тұлғасына кеңес үкіметі тұсында «диншіл», «ұлтшыл» атты негізсіз айыптаулар тағылып, ақын шығармаларын зерттеп, зерделеуге тыйым салынды. Тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана, ақын мұрасы халықпен қайта қауышты. Зерттеуде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мол мұрасын, қол жазбаларын осы күнге дейін жетіуіне, сақталуына мол үлесін қосқан ұстаз, Мәшһүр Жүсіптің кенже ұлы Мұхаммед Фазыл Жүсіпұлы мен ақынның жиегі Жолмурат Жүсіпұлының атқарған еңбегі туралы айтылады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы орта ғасырлық араб, парсы тілін жетік білуі нәтижесінде сол кезде айтылған мәнді ойларды өзінің өрістетіп, қазақ әдебиетінде басқа ешкімге ұқсамайтын өзіндік арна қалыптастырды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көзі тірі кезінде ақынның өз мектебі қалыптаса бастады. Осы мектептің көрнекті өкілдерінің «Мәшһүртану» ғылымына қосқан үлесін көрсету.

**Кілтті сөздер:** мұра, қолжазба, Мәшһүр Жүсіп, ақын, мес, мектеп, иешендік өнері Ғылым академиясы, хадим жазуы, өлеңдер, жинақтау.

В статье рассказывается о школе поэта, ученого, историка, критика, летописца, фольклориста Маишхура Жусупа Копеевича, оставившего богатое наследие казахской духовности. Маишхур Жусуп Копеевич был ложно обвинен в «религиозности» и «национализме» в советское время, и ему запретили изучать произведения поэта. Только после обретения независимости наследие поэта было воссоединено с народом. В исследовании рассказывается о творчестве учителя, младшего сына Маишхур Жусупа Мухаммада Фазыл Жусуповича и племянника поэта Жолмурата Жусуповича, внесших значительный вклад в сохранение и сохранение богатого наследия и рукописей Маишхур Жусупа Копеевича. Овладев средневековым арабским и персидским языками, Маишхур Жусуп Копеевич развил собственные идеи и сформировал уникальный канал в казахской литературе. При жизни Маишхура Жусупа Копеевича начала формироваться собственная школа поэта. Показать вклад выдающихся представителей этой школы в науку «Маишхуртану».

**Ключевые слова:** наследие, рукопись, Маишхур Жусуп, поэт, мес, школа, ораторское искусство Академии наук, Хадимская письменность, стихи, сборник.

The article deals with the school of the poet, scientist, historian, critic, chronicler, folklorist Mashhur Zhusup Kopeyuly, who left a rich heritage of Kazakh spirituality. Under the Soviet regime, the person of Mashkhur Zhusup Kopeyuly was charged with unfounded accusations of «religiosity», «nationalism», and was forbidden to study the works of the poet. Only after independence, the poet's legacy was reunited with the people. The study describes the merits of the teacher, the youngest son of Mashhur Zhusup, Muhammad Fazyl and the nephew of the poet Zholmurat Zhusupuly, who made a great contribution to the preservation and development of manuscripts, the rich heritage of Mashhur Zhusup. During the life of Mashhur Zhusup Kopeyuly, the poet began to form his own school. As a result of his mastery of medieval Arabic and Persian, Mashkhur Zhusup Kopeyevich developed his own ideas and formed a unique channel in Kazakh literature. To show the contribution of outstanding representatives of this school to the science of «Mashkhurovedenie».

**Key words:** legacy, manuscript, Mashhur Zhusup, mes, poet, school, oratory Academy of Sciences, Khadim writing, poems, collection.

Ақын, энциклопедист-ғалым, тарихшы, фольклорист, публицист, сыншы, шежіреші, әулие, ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ халқының әдебиеті, тарихы, басқа да ғылымдарына қатысты отыз томнан аса мол мұра қалдырды. Осы мол мұраны зерделеу, зерттеу, саралау, жинақтау, жүйелеу жұмыстары қазіргі заман ғалымдарының еншісіне бұйырып тұр. Осыншама көлемде еңбек қалдырған тұлғалар тарихта өте сирек кездеседі. Кейбір ғалымдардың пайымдауынша мұның өзі ерекше бір құбылыс. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өз еңбектерінің көлемі жайлы «Менің жазғандарымды оқу үшін Нұх пайғамбардың жасы керек» деп жазып қалдырған. Ақын шығармашылығын зерттеуші ғалым Е.Қ. Жүсіповтің мына пікірі көңіл аудартарлық: «Ақын (Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы) Бұхарада, Қокан, Самарқанд, Ташкентке барған сапарларында сол кездегі мұсылман әлемінің бай қазынасымен терең танысып, соған түйген ойларын қағаз бетіне түсірді. Жоғарыда аталған қалалардың барлығында ірі қолжазбалар қоры бар кітапханалар болды. Сол бай кітапханалардағы қолжазбалар ежелгі араб тілінде, парсының «пехлеуи» тілінде, түркінің «шағатай» тілінде сақталды. Мәшһүр Жүсіп осы тілдерді жетік меңгеруі арқылы осы қолжазбалармен кең танысты. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы орта ғасырлық араб, парсы тілін жетік білуі нәтижесінде сол кезде айтылған мәнді ойларды өзінше өрістетіп, қазақ әдебиетінде басқа ешкімге ұқсамайтын өзіндік арна қалыптастырды» [1, 14-б.]. Заманында Орталық Азияда көптеген мемлекеттердің рухани-мәдени астанасы болып табылған Бұхарада ірі қолжазба қорлары бар еді. Бұл қолжазба қорларында сирек кездесетін мәтіндерді оқудың өзі көптеген қиындықтар туғызатын. Өйткені, қолжазбалар араб, шағатай, парсы, ортағасырлық парсы тілі (пехлеви), өзбек, қазақ, тәжік, ноғай, татар, қырғыз, т.б. тілдерінде жазылған болатын. Осыншама тілдерде жазылған қолжазбаларды саралап, керектісін оқып, жадына сақтау жай адамның қолынан келе бермейтін іс. Осыншама қиындықтарды еңсере отырып, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің диттеген мақсатына қол жеткізген ғалым деп есептейміз. Қолжазба қорында көптеген діни шығармалармен қатар, ортағасырлық ертегі, аңыз, эпсана, хикаяларда көп кездесетін. Сонымен бірге, шығыстың ойшылдары мен ша-йырларының асыл туындылары баршылық. Мұндай мол мұраны зерделеп оқу, талдау, саралау үлкен білім мен парасатты қажет етеді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өз заманындағы сол ақыл мен парасатты, имандылық пен ізгілікті бір бойына жинақтаған тұлға.

Мәшһүр Жүсіптің көзі тірі кезінде ақынның өз мектебі қалыптаса бастады. Қоршаған айналасы,

туған-туыс, жора-жолдастарынан бөлек ақынға еліктеуші үлкен жамағат қауым бар еді. Олардың кейбірі ақынның әулиелігіне тамсанып үлгі тұтуға тырысқан, біразы жырлары мен өлеңдерін жаттап, насихаттауға ден қойған. Ал, басқалары ақынның шешендік өнеріне, айтқан ойларына, пәлсапасына, дүниетанымына қызығушылық танытқан. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Алаш елін аралау барысында көптеген елді-мекендерде қонақ болып, жергілікті халықпен етене араласқаны белгілі. Солардың арасында Мәшһүрдің сөзін жадына сақтап, кейінгі ұрпаққа үлгі қып жеткізген бір қауым ел бар. Қазіргі таңда олардың барлығының аты-жөнін, шыққан руын тізіп шығуға мүмкіндігіміз жоқ. Бірақ айтушылардың дерегіне сенсек, өз заманында Мәшһүрдің сөздері мен амалдары алты Алашқа кең тараған болатын. Бір өзінің бойында энциклопедист ғалымға тән қасиеттерді жинақтаған ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы сол кездегі қазақ қауымына көшпелі Ғылым академиясы іспетті болған. Өмірімен, өнерімен, сөзімен, ойымен, амалымен өз ортасында үлгі болған ғұлама Мәшһүр Жүсіптің мектебі күннен күнге кеңейіп, алты Алаштың түпкір-түпкіріне тарай бастады. Осы мектептің ерекше шәкірттері немесе Мәшһүртанушылар шоғырымен танысуды өзімізге мақсат етіп қойдық.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығы әр түрлі жағдайларға байланысты ұзақ жылдар бойы айтылмай, зерттелмей келді. Ресей империясы тұсындағы отаршылдық саясаттың салқыны Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығына тікелей әсер етті. Ақынның 1907 жылы Қазан қаласында жарық көрген үш кітабы («Хал-ахуал», «Тірлікте көрген көп тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі») патшалық цензура тарапынан «зиянды» деп танылып, баспаға он екі мың күміс ақша айыппұл салынып, авторына бүкілресейлік іздестіру шарасы қолданды. Сол себептен, ақын өмірінің біраз бөлігін тасада өткізді, Ресей империясы құлағаннан кейін артыннан келген Кеңес үкіметі де Мәшһүр Жүсіп Көпейұлынан қауіптеніп, оған сырттай бақылау орнатты. Өмірден өткеннен кейін, шығармашылығына толық тыйым жасалынды. 1952 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ұлтшыл буржуазиялық және діншілдік «көзқарасын әшкерелейтін» мақала жарияланып, оған мынандай қаулы қабылданғаны белгілі: «О статье, опубликованный в газете «Социалистик Казахстан», под названием «Копеев – националистический религиозный поэт». (Храмков, Сужиков, Шаяхметов).

ЦК КП Казахстана постановляет:

1. В связи с тем, что литературное творчество Машһура Жусупа Копеева проникнуто духом буржуазного национализма и религиозного мистицизма и что оно не подвергнуто до сих пор серьезной критике, поручить президенту Академии наук Казахской ССР т. Кунаеву силами научных работников Академии наук подготовить и опубликовать в республиканской печати материалы разоблачающие реакционное направление литературной деятельности Жусупа Копеева.

2. Обязать Павлодарский обком партии усилить естественно-научную, антирелигиозную пропаганду, широко разъяснить местному населению, что взгляды Жусупа Копеева в литературе были реакционными, религиозными, а могила Копеева используется его сыном Фазылом Жусуповым и местными муллами для распространения религиозного дурмана.

3. Принять к сведению сообщение Павлодарского обкома партии, что Фазыл Жусупов освобожден от работы учителя» [2, 71-б.]. Осы қаулы қабылданғаннан кейін ақын шығармашылығын қаралау науқаны белең алды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалары түгіл, есімін атаудың өзіне тыйым салынды.

Осындай қиындықтарға қарамастан ақын Мәшһүр Жүсіп мұрасын жинақтау мен насихаттау жұмыстарына араласып, осы күнге дейін жетуіне және сақталуына өлшеусіз еңбек қалдырғандардың қатарына Жолмұрат Жүсіпұлы, Мәшһүр Жүсіпұлы Мұхаммед Шәрәпи, Мәшһүр Жүсіпұлы Мұхаммед Фазыл, Мәшһүр Жүсіпұлы Мұхаммед Әмен, Маненұлы Иманғали, Алдабергенұлы Төлеберген, Қаракызұлы Әшім, Шәрәпиұлы Төлеубай, Шәрәпиұлы Сүйіндік, Исабайұлы Қаукен, Кәрібаев Жұқаш, Мәкішев Рақымжан, Әкбарұлы Жұматай, Иманмәдіұлы Сұлтанмахмұт (Шолтым), Иманбаев Омар, Ахметов Нағи, Машырапов Қабыкен т.б. жатқызамыз.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасының сақталуына барынша еңбек еткен тұлға Мәшһүр Жүсіпұлы Мұхаммед Фазылдың атқарған еңбегі өлшеусіз және ауқымды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кенже ұлы Мұхаммед Фазыл 1890-1969 жылдар аралығында өмір сүрген. Павлодар облысының Баянауыл ауданындағы Жаңажол совхозында (қазіргі, Мәшһүр Жүсіп ауылы) ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызметте болған. Саналы ғұмырының барлығын ұстаздықпен өткізген, мұғалімдік еңбек өтілі 30 жылға толғанда, Қазақстанда алғашқы бір топ ұстаздармен бірге Ленин орденімен марапатталды.

Ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өз қолжазбасын ескі (хадим) жазуымен жазып қалдырғаны тарихтан мәлім. Ахмет Байтұрсынұлы енгізген төте жазудан

хадим қаріпінің біраз өзгешеліктері мен ерекшеліктері белгілі. Байтұрсынұлының төте жазуы белгілі бір талап пен ережеге сәйкес жасалған болатын, ал хадим жазудың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктер каллиграфияның заңдылықтарына бағынбайды. Ақын қолжазбасын оқуда осы ерекшеліктер көп қиындықтар болып табылады. Мәшһүр Жүсіпұлы Мұхаммед Фазыл ерте кезден әкесінің қолжазбаларын оқып, таныс болғандықтан, ол кісіге әкесінің мұрасын қайта көшіру аса бір қиын мәселе болмаған секілді. Тағы да бір ескере кететін жәйт, Мұхаммед Фазыл әкесінің қолжазбаларының жазылу ретін сақтауға тырысып, қолжазбаны жүйелі түрде көшірген.

Бүгінгі таңда хадим жазуынан кириллицаға аударылған мәтіндердің көпшілігі Мәшһүр Жүсіпұлы Мұхаммед Фазыл жазбалары деп айтуға болады. Мұхаммед Фазылдың көшіріп жазған көшірмелері Мәшһүр Жүсіптің өз жазбаларындағы өшіп қалған, сиясы көмескі тартқан тұстарын оқуда, салыстыруда үлкен роль атқарады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өз жазбаларын жазғанда, сияға у қосып жазғаны белгілі. У қосылған сия кәдімгі сияға қарағанда бірнеше есе күшті болып, біраз уақытқа дейін өшпейді. Соның өзінде, қолжазбалардың көп бөлігі су тиіп бүлінгені кейінгі зерттеушілерге көп қиындық туғызды. Ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұрасын хадим жазуынан кириллицаға аударушыларға Мұхаммед Фазыл көшірмелері үлкен септігін тигізіп отыр. Қолжазбаларды сақтау барысында бүлінген, жыртылған, қолды болған тұстарын қалпына келтіру жұмыстарына Мәшһүр Жүсіпұлы Мұхаммед Фазылдың жазбаларын Мәшһүртанушы ғалымдар барынша жан-жақты іске асырып жатыр.

Тірісінде аты аңызға айналған ғұлама Мәшһүр Жүсіптің баласы болудың өзі қауіп еді. Одан бөлек әкесінің кеңес саясатына қарсы шығармаларын көшіріп сақтау қылмыс болып саналған заманда осы қадамға бару Мұхаммед Фазылдың әке алдында және ұлт алдында жасаған қажырлы да қайсар еңбегі деп бағалаймыз. Сол заманда үйінен арабша бір-екі сөйлем жазылған тұмар, дұға үшін түрмеге жабылып, итжеккенге талай азаматтар аттанып кеткен еді. Осы жағдаяттарды біле отырып, басын бәйгеге тіккен Мұхаммед Фазыл үлкен іс атқарды деп ойлаймыз. Мұхаммед Фазылдың ұлы, Мәшһүртанушы-ғалым Қуандық Мәшһүр Жүсіп өз әкесінің осы бағыттағы жұмысын былай деп еске алады: «Мұхаммедфазыл еңбегінің бір саласы ұстаздық болса, екінші саласы – әкесінің, Мәшһүр Жүсіптің, ұлан-ғайыр еңбегін сақтаумен, көшірумен өмір бойы айналысқаны. Мұхаммедфазыл мұрасының үшінші қыры: кезінде 20-30 жылдары баспасөз беттеріндегі жер-жердегі мәдени

шаралар, халықты ағарту, т.с.с. жөнінде республикалық, облыстық газетте жарияланған мақалалары» [2, 72-б.].

Мәшһүр Жүсіпұлы Мұхаммед Фазылдың осынша ауқымы кең мұраны көшіріп жазуға көп уақыты мен көз жанары кеткендігін ескерсек, қазақ тарихы мен әдебиеті ғылымына қосқан үлесі өлшеусіз зор деп айтуға болады. Мәшһүр Жүсіпұлы Мұхаммед Фазылдың ақын мұрасын сақтаудағы қажырлы еңбегіне, қазақ әдебиеті тарихында лайықты бағалануы тиіс деп есептейміз.

Кеңес үкіметі тұсында тыйым салынған нағашысы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларын жинақтап, зерделеуде ерекше еңбек сіңірген жиені Жүсіпұлы Жолмұрат.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қарындасы Мәдинадан туған жиені Жүсіпұлы Жолмұрат 1894 жылы Семей облысы, Баянауыл дуанында туған. Жас күнінен бастап, нағашысы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қасында жиі болып, шәкірт есебінде жүрген. Ерте кезден нағашысының айтқан өлеңдері мен шежірелерін, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жаттап алуға тырысқан.

Жиеннің білімге деген икемін көрген ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы оның сауат алуына барынша жағдай жасауға тырысқан. Ақынның қасында ұзақ уақыт бірге жүріп, сөзі мен әрекеттеріне куә болған Жүсіпұлы Жолмұрат біраз құнды жәдігерлер мен оқиғаларды осы күнге жеткізді. Қолжазбадан бөлек, жеке өз естеліктерінде хатқа түсіріп, құнды деректер қалдырды. Соның арқасында, ол мәліметтер қазіргі Мәшһүртанушы ғалымдардың үлкен қызығушылығын тудырып отыр. Уақыт өте келе сол кезде нағашысынан алған тәлім-тәрбиенің арқасында Жүсіпұлы Жолмұрат сол маңайдағы оқыған, білімді, көзі ашық азамат ретінде таныла бастады. Нағашысына еліктеп, өз тарапынан да өлең шығарумен айналысты. Сол кездегі Баянауыл ауданының қадірлі азаматы атанды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының біраз

бөлігін көшіруге ат салысты. Жүсіпұлы Жолмұрат Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектерін кейінгі ұрпаққа аман-есен жеткізудің өте маңызды екенін жан тәнімен түсінген ерекше тұлға. Өзінің саналы ғұмырының біраз бөлігін қолжазбаларды көшіруге, оларды насихаттауға арнаған. 1977 жылы Жүсіпұлы Жолмұрат дүниеден өтті. Өмірінің соңына дейін Мәшһүр Жүсіп нағашысының қалдырып кеткен біраз дүниесіне шырақшы болды. Өз қолындағы көшірмелерді Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының немересі, ғалым Мұхаммед Фазылұлы Қуандыққа көзі тірісінде табыстап кетті.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, мынадай пайымға келдік. Ресей империясы мен Кеңес үкіметі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығына қаншама қысым көрсетіп, тарихтан өшіруге неше түрлі айла-шара қолданса да, ақын мұрасы өз оқырманымен табысуда. Сондай зұлмат заманды бас-тан кешірген ақын шығармашылығын зерттеу, зерделеу бір мезгіл толастаған емес. Артында қалған ұрпақтары мен қазақ ғылымының шынайы жанашырлары Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларын болашақта жарыққа шығатынына күмән келтірген жоқ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мектебінің қалыптасуы және жалғасуы ақын шығармаларына деген зор ілтипаттан бөлек, жеке басына қатысты шынайы құрметпен байланысты. Ақын шәкірттері мен жолын ұстаушылар Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұрасының мәні мен маңызын, болашақ ұрпаққа деген құндылығын түсінген тұлғалар болып табылады.

#### Әдебиеттер:

1. Жүсіпов Е.Қ. Мәшһүр-Жүсіп және Шығыс руханияты. Монография.-Алматы:Алаш, 2005. – 184 б.
2. Мәшһүр Жүсіп Қ.П. МұхаммедФазыл Мәшһүр Жүсіпұлы //Қазақстан мектебі. – 2004 –№4. –73 б.
3. Көпейұлы М.Ж. 20 томдық шығармалар жинағы. II том. – Алматы: Алаш, 2003. – 432 б.
4. Көпейұлы М.Ж. 20 томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: Алаш, 2003. – 504 б.